

А. Бейбутова, 3-курс

Ғылыми жетекші — А. Ж. Жунусова, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры (Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

**СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ БАРЫСЫНДА ОҚИҒА
БОЛҒАН ЖЕРДЕН ҚОЛ САУСАҚ ІЗДЕРІН АНЫҚТАУ
ЖӘНЕ СОЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ**

Қылмыстық құқық бұзушылық болған кезде оқиға орнынан көптеген заттар мен іздер табылады. Табылған заттар қылмыстық іс бойынша заттай дәлелдемелер болып табылса, ал іздер қылмысты жасаған күдікті адамды табуға бірден бір айғақ болып табылады. Көп жағдайда қандай да бір қылмыс болмасын, оқиға орнынан қол саусақ іздері кездеседі. Осы қол саусақ іздерін зерттейтін ғылым саласын — «Дактилоскопия» деп атайды.

Дактилоскопия¹ — адам тері қабатындағы папилляр өрнектерінің (көбінесе, қол саусақ бедерінің) белгілері мен қасиеттерін оқып үйренетін және қылмысты әшкерелеу мақсатында іздерді жинап, зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін трасологияның тарауы. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды табу үшін қалдырылған қол іздерін дұрыс алу негіз болып келеді. Қол іздерін алудың әртүрлі әдіс-тәсілдері бар:

- оптикалық (көру) әдісі;
- йод булары;
- вакуумдық себу әдісі;
- ұнтақтар әдісі;
- химиялық әдістер;
- ядролық-физикалық әдісі (автордиография).

Бұл әдіс-тәсілдер қол ізінің қандай заттың беткі қабатында қалуын ескеріле отырып қолданылады. Мен осы мақалада қол іздерін физикалық тәсілмен алудың мәнін айқындауға тырысамын.

Яғни із бар деген беткей радиоактивтік изотоп бар химиялық қоспамен өңделеді; термайлық зат өзіне қоспаны сорып алып, радиоактивтік болады. Сонан соң, нәрсе фотоматериал эмульсиясымен қатынасқа түседі; біраз уақыт ұсталып, кейін пленка айқындалады. Радиоактивтік сәулелену ықпалынан папилляр өрнегінің суреті пайда болады (автордиограмма).

Алақан терісінің рельефіне төмендегідей элементтер енеді:

- а) флексор сызықтары (саусақты бүккендегі буындар);
- ә) терінің ұсақ бүрмелері (әжімдер);
- б) саңылау (поры) — тері бездерінің ұсақ саңылаулары;

в) бүртiк (папилляр) сызықтары — әжiмдермен бөлiнiп әртүрлi өрнектер құрайтын сызықты үстiрттер.

Көбiнесе осы физикалық тәсiлдiң бiр түрi — «SPR»ⁱⁱ құралын қолдану арқылы алуды негiзге алдым. Оқиға орнын қарап-тексеру барысында көп жағдайда магниттiк ұнтақ қолданылады. Бiрақ сонымен қатар «SPR» құралын қолдану да тиiмдi әрi ыңғайлы болып келедi. Бұл тәсiл бұрыннан қалған және түрлi түстi заттарда көрiнбей орналасқан объектiлерден қол iздерiн алу болып табылады. Бұл құралдың 2 түрi кездеседi: ақ және қара. Кейбiр жағдайларда қол iздерi тек құрғақ заттардың беткi қабатында ғана емес, сонымен дымқыл, сулы заттардың үстiнде де қалуы мүмкiн. Осы дымқыл заттардың үстiндегi қол iздерiн анықтау үшiн «SPR» құралын қолданған жөн. Сонымен қатар, бұл құрал арқылы майлы әйнектердiң бетiндегi iздердi, кiрпiштiң, тастың беткi қабатынан және тағы басқа ұнтақтармен алуға қиындық туғызатын заттардың беткi қабатынан қол iздерiн алу тиiмдi болып келедi. Осы құралды қолданудың екi тәсiлi бар: бiрiншiсi, заттың беткi қабатын қарау барысында қолдан жасалған тозаңдатқышты (распылитель) қолдану. Бiрақ бұл заттың беткi қабатының ластануына әкеп соқтыратынын ескерген жөн. Сол себептi өңдеуге жатпайтын жерлердi қағазбен жапқан дұрыс. Екiншiсi, көлемi кiшi заттарды өңдеу үшiн 2—3 минутқа дайын жұмыс iстеуге арналған сұйықтыққа (рабочий раствор) салу арқылы қол iздерiн анықтау. Бұл сұйықтықты қолдану алдында оны дұрыстап араластыру керек, кейiн оның беткi қабатын тозаңдатқышпен өңдеу керек. Ол құрғақ немесе дымқыл болуы мүмкiн. Заттың беткi қабатын таза сумен шайып, судың кебуiн күту қажет. Бұл кезде арнайы кептiруге арналған құралдарды, яғни фендi қолданбау керек. Бұл құрал арқылы ақшыл түстi заттардың беткi қабатында қоңыр түстi iздер, ал қоңыр түстi заттардың беткi қабатында ақшыл түстi қол iздерi пайда болады. Пайда болған қол iздерiн дактопленкаға көшiрiп алуға болады. Дактопленкаға көшiрмес бұрын, қол iзiн фотоға түсiру арқылы бекiтiп алу қажет. Көп жағдайда бұл әдiстi нақты оқиға орнында қолданбас бұрын, тәжiрибе жасап үйрену керек. Себебi бұл тәсiлдi дұрыс қолданбаған жағдайда қол саусақ iзiнiң бүлiнуiне әкеледi. Бұл құралмен жұмыс жасауды көп жағдайда жаңбырлы күндегi автокөлiктi қарау барысында қолдану тиiмдi. Жаңбырлы күн болғасын автокөлiктегi iздердi магниттi немесе басқа да ұнтақпен өңдеу қиынға түседi, әрi пайдасыз. Сондықтан «SPR» құралын қолдану қолайлы болып келедi.

Қылмыстық құқық бұзушылықты ашу барысында күдiктi адамды табу нәтижелi болу үшiн оқиға орнын тиянақты, жанжақты қарап-тексеру керек. Әрi оқиға орнынан табылған қол iздерiн дұрыс өңдеу, қол iздерiн анықтаудың тиiмдi тәсiлiн қолдану маңызды болып келедi. Сондықтан қол iздерiн дұрыс алу бұл қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адамды анықтаудың бiрден — бiр себебi болады.

ⁱ Белкин Р. С. Криминалистика. — М., 2007; Анищенко И. А. Дактилоскопия и дактилоскопическая экспертиза. — М., 2014.

ⁱⁱ Самищенко С. С. Современная дактилоскопия: основы и тенденция развития. — М., 2004.